

Теректі негізгі мектебі директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Қазыбаева Гүлім Ерболқызына
«Бала және театр» жобасының жетекшісі
Жалмұқанова Аяжан Асқарқызынан
өткізілген іс-шаралар туралы

Хабарлама

Үйірменің мақсаты: Театр өнері арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту. Мұғалімнің оқушылармен әріптестік қатынаста және нәтижеге жетуге, қатысушыларды ізденімпаздыққа, таным мен өзін-өзі тануға бағытталуына негізделген. Үйірмеге 2-9 сынып оқушыларынан 13 оқушы қатысады. Оқушыларға театр туралы түсінік қалыптасты.

2022-2023 оқу жылында «**Біртұтас тәрбие бағдарламасы**» аясында жүзеге асырылатын «**Балалар және театр**» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша барлық іс-шаралар атқарылып, суреттер әлеуметтік желіге салынды. Атап айтар болсам, қыркүйек айында «Ертегілер еліне саяхат» оқушылар «Айгөлек бөбекжай» балабақшасының тәрбиеленушілеріне «Бауырсақ», «Мақта қыз бен мысық» ертегілерін сахналап берді.

Қазан айында 25-Қазан Республика күніне орай Үйірме мүшелерінің «Тәуелсіздік-болашағым» атты концерттік бағдарлама өтті. Қараша айында оқушылардың демалыс кезіндегі уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Әкеге – ізет, анаға – құрмет» атты ақындар мүшайрасы ұйымдастырылды. Қатысқан оқушылар жүлдері орындарға ие болып, дипломдармен марапатталды. Желтоқсан айында «От ауызды, орақ тілді – Оразалы» ақын туралы «Ер есімі-ел есінде» атты танымдық сабақ өткізілді.

Қаңтар айында 2-3 сынып оқушыларына Көлеңкелі театр бойынша «Жеті лақ», «Шалқан», «Бауырсақ» ертегілерін сахналап берді. Алдағы уақытта да жоспарда көрсетілген іс-шаралар өткізіліп, әлеуметтік желіде көрсетілетін болады. Ақпан айында Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасын негізінде қойылым қойылды. Наурыз ауында ұлттық сал-дәстүрлер негізінде көріністер әзірленді.

Сәуір айында бастауыш сынып оқушыларымен «Үйшік» қойылымы әзірленіп, қойылды. Мамыр айында «Бір шаңырақ астында» тақырыбында поэзия кеші өткізіліп, жыл бойындағы өткізілген шараларға қортынды жасалды.

Үйірме жетекшісі:

Жалмұқанова А.А



**«Балалар және театр» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар суреттері
2022-2023 оқу жылы**



КӨЛЕҢКЕЛІ ТЕАТР “ЖЕТИ ЛАҚ”, “ШАЛҚАН” ЕРТЕГІЛЕРІН ҚОЙДЫ



“МАҚТА ҚЫЗ БЕН МЫСЫҚ” ЕРТЕГІСІ



“”БАУЫРСАҚ” ЕРТЕГІСІ

